

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі

«Қазгидромет» РМК



30.04.2025 ж. №1 бюллетенге түзету

2025 жылғы «02» мамырға

**Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел
қауіптілігінің күнделікті бюллетені**

(бюллетеннің әрекет ету аралығы «01» мамыр күні 20 сағаттан «02» мамыр күні 20 сағ. дейін 2025 ж.)

құрастырылған уақыты: 01.05.2025 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай көшесі, 32
Астана қ., Мәңгілік ел, 11/1

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Калманбаева Р.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2025 жылғы «02» мамырға

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	Орта таулы аймақ толығымен қар жамылғысынан босанған жоқ. 2500 метрден жоғары биіктіктерде қар жамылғысы сақталған. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-да 4140 м биіктікте болды. Орта таулы аймақта топырақтың ылғалдануы жоғары. 2 мамырда түнде кей жерлерде жауын-шашын (жаңбыр, қар) (1-14 мм), күндіз жаңбыр (1-14 мм), кей уақытта қатты жаңбыр (15-29 мм), найзағай, бұршақ. Қарқынды жауын-шашын жауып ұзаққа созылған жағдайда, Іле Алатауының орта және төмен таулы аймақтарында жергілікті сел қалыптасуы мүмкін. Сел қалыптастырушы факторлардың критерийі орын алған кезде Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендерінің алабы үшін дауылды ескерту берілетін болады. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз.
	Күнгей Алатауы	Орта таулы аймақ толығымен қар жамылғысынан босанған жоқ. Қар жамылғысы шамамен 3000 метр және одан жоғары биіктіктерде сақталған. 2 мамырда жаңбыр (1-14 мм), күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (15-29 мм). Найзағай, бұршақ. Қарқынды жауын-шашын жауып ұзаққа созылған жағдайда, Күнгей және Теріскей Алатауында сел қалыптасуы мүмкін. Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз.
	Теріскей Алатау	

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Селдің қалыптасу ықтималдығы	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) және нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм	Сұйық жауын-шашынның өте қатты жауу ықтималдығы және ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның нақты жаууы (≥ 40 мм)	Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (≥ 40 мм) жауу ықтималдығы	Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.
	Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)	Ұзаққа созылатын сел түзуші қарқынды жауын-шашынның (≥ 40 мм) жауу ықтималдығы	Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп	Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.
	Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.	Селдің қалыптасу жағдайлары жоқ	Қауіптілік жоқ	Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2025 жылғы «02» мамырға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Түнде кей жерлерде жауын-шашын (жаңбыр, қар) (1-14 мм), күндіз жаңбыр (1-14 мм), кей уақытта қатты жаңбыр (15-29 мм), найзағай, бұршақ. Солтүстік-батыстан жел соғады 9-14, екпіні 15-20, кезінде кей уақытта 25 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 9-14 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 5-10 градус жылы.
Күнгей Алатау	Жаңбыр (1-14 мм), күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (15-29 мм). Найзағай, бұршақ. Солтүстік-батыс жел соғады 9-14, екпіні 15-20, күндіз кей уақытта 25 м/с. Ауа температурасы түнде және күндіз 10-15 градус жылы.
Теріскей Алатау	Жаңбыр (1-14 мм), күндіз кей уақытта қатты жаңбыр (15-29 мм). Найзағай, бұршақ. Солтүстік-батыс жел соғады 9-14, екпіні 15-20, күндіз кей уақытта 25 м/с. Ауа температурасы түнде және күндіз 7-12 градус жылы.
Жетісу Алатау	Кей уақыттарда жаңбыр (1-5 мм), найзағай, бұршақ. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 1-6, күндіз 8-13 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 7-12 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай, тұман, күндіз бұршақ болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 15-20 градус жылы болады.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Кей жерлерде жаңбыр (1-5 мм), найзағай, тұман, күндіз бұршақ болады. Солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 15-20 градус жылы болады.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 17-22 градус жылы.
Өгем жотасы	Өткінші жаңбыр (1-5 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 8-13 м/с. Ауа температурасы түнде 10-15, күндіз 19-24 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Жауын-шашынсыз. Күндіз шаңды дауыл. Жел оңтүстік-шығыстан күші 9-14, екпіні 17-22 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 23-28 градус жылы.
Сауыр	Күндіз кей жерлерде жаңбыр (1-2 мм). Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 13-18, кей жерлерде 8 градус жылы.
Тарбағатай	Кей жерлерде аздаған жаңбыр (0,1-0,9 мм). Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 0-5, кей жерлерде 8 градус жылы, күндіз 13-18, кей жерлерде 21 градус жылы.
Қазақстандық Алтай	Жауын-шашынсыз. Түнде және таңертең кей жерлерде тұман. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 0-5 жылы, кей жерлерде 3 градус үсік, күндіз 13-18, кей жерлерде 8 градус жылы.